

## Қ А У Л Ы

2022 жылғы 18 мамыр

4340-22-00-2-3м/56

Жаңақорған кенті

23 сағат 25 минут

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық сотының тергеу судьясы Э.И.Рыскуловтың, сот отырысының хатшысы А.Оразбаеваның, прокурор М.Б.Ендібергеннің, адвокат К.Тулөпбергеновтың, күдікті К.Ж.Аширбековтың қатысуында, Жаңақорған аудандық сот мәжілісі залында, ашық сот отырысында, Жаңақорған аудандық полиция бөлімінің тергеушісі Ж.Жаңабергеновтың күдікті:

Карасай Жорабекович Аширбеков – 1971 жылғы 12 сәуірде Қызылорда облысында туған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, білімі жоғары, жұмыссыз, бұрын сотты болмаған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті Е.Белсенбаев көшесі №4 үй тұрғыны, ЖСН 710412302897, әрекетінің саралануы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі-ҚК-нің) 120-бабының 1-бөлігімен айқындалған, оған қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатын қазақ тілінде «бейнеконференциялық» байланыс көмегімен карап,

### А Н Ы Қ Т А Ғ А Н Ы :

Сотқа ұсынылған өтінішхаттағы деректер бойынша, К.Ж.Аширбеков 2022 жылғы 17 мамырда сағат 17:00 минут шамасында Жаңақорған кенті Құрманғазы көшесінің бойынан жәбірленуші Э.Шахимеденованы өзінің тіркеу белгісі Т 041 NP174 «Opel Vectra» үлгісіндегі автокөлігіне отырғызып алып, Жайылма ауылының маңындағы шөптердің арасына, бөгде адамдардан таса жерге тоқтап, автокөліктің артыңғы орындығына отырған Э.Шахимеденованың жанына отырып, оған күш қолданып, киімдерін шешіп, еркінен тыс жыныстық қатынас жасағаны үшін күдіктелген.

2022 жылғы 18 мамырдағы қаулымен К.Ж.Аширбеков күдікті деп танылып, 18.05.2022 жылы Қылмыстық процесілік кодексінің (бұдан әрі-ҚПК-нің) 128-бабының талабына сай 02 сағат 00 минутта ұсталып, Жаңақорған АПБ-нің УҰА-на оқшауландырылған.

2022 жылғы 18 мамырдағы қаулымен күдікті К.Ж.Аширбековтың әрекеті ҚК-нің 120-бабының 1-бөлігімен сараланған.

2022 жылғы 18 мамырда Жаңақорған аудандық полиция бөлімінің тергеушісі Ж.Жаңабергенов, күдіктіні күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау

шарасын таңдау туралы сот алдында өтінішхат беруді қозғау туралы қаулы қабылдаған.

Жаңақорған ауданы прокуроры 2022 жылғы 18 мамырда күдікті К.Ж.Аширбековты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялауға келісімін білдірген.

Сот отырысында прокурор М.Б.Ендіберген тергеушінің өтінішхатын қолдап, күдікті К.Ж.Аширбековке қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялауды сұрады.

Қорғаушы-адвокат К.Тулепбергенов қорғауындағы К.Ж.Аширбековтың тұрғылықты мекен-жайы бар екенін, бұрын сотты болмағанын, 3 топтағы мүтедек екенін ескеріп, оған қатысты тергеушінің өтінішхатын қанағаттандырусыз қалдыруды, «кепіл» түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды сұрап, К.Аширбековке тиесілі тұрғын үйінің құжаттарын ұсынды.

Күдікті К.Ж.Аширбеков қорғаушының сөзін қолдайтынын, тергеушінің өтінішхатын қанағаттандырусыз қалдыруды, «кепіл» түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды сұрады.

Сот тараптарды тыңдап, іс құжаттарын зерттеп, төмендегі тұжырымға келеді.

Іс құжаттарындағы деректерде қарағанда, қылмыстық қудалау органымен К.Ж.Аширбековке өтінішхатта көрсетілген қылмыс жасады деп күдік келтірілуі негізді деп танылады. Бірақ, сот К.Ж.Аширбековтың кінәсі бар-жоғы мәселесін талқыламайды.

Күдікті К.Ж.Аширбековтың жасаған қылмысы ауыр қылмыс санатына жатады, қылмысының ауырлығынан алдағы уақытта тергеуден және соттан да жасырынуы мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер бар.

Аталған мән жайлар ерекше жағдайлар деп танылып, бұлтартпау шарасының басқа жеңіл түрін таңдау негізінде К.Ж.Аширбековтың жәбірленушіге күш қолданып жыныстық қатынас жасаған деп ауыр санаттағы қылмыс үшін күдіктелгенін ескере отырып, оған қатысты қылмыстық іс жүргізуді кедергісіз жүзеге асыруға мүмкін емес деген қорытынды жасалып, күдіктіге «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылуға жатады.

ҚПК-нің 148-бабының 9-бөлігінің талабына сай, тергеу судьясы күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы қаулы шығарған кезде күдікті сот ісін жүргізуге кедергі жасайды немесе тергеуден, соттан жасырынады деп пайымдауға жеткілікті негіздер бар болған жағдайларда кепіл белгілемейді.

Сондықтан қорғаушы К.Тулепбергеновтың күдікті К.Ж.Аширбековке қатысты «кепіл» түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану жайлы өтінішхаты қанағаттандырудан бас тартылуға жатады.

ҚПК-нің 55, 56-баптарын, 107-бабын, 137, 138-баптарын, 140-бабын, 147-бабын, 148-бабының 7-бөлігінің 2) тармағын басшылыққа ала отырып, сот

### Қ А У Л Ы Е Т Т І :

Жанақорған аудандық полиция бөлімінің тергеушісі Ж.Жаңабергеновтың әрекетінің саралануы Қазақстан Республикасы ҚК-нің 120-бабының 1-бөлігімен айқындалған күдікті Карасай Жорабекович Аширбековты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхаты қанағаттандырылсын.

1971 жылғы 12 сәуірде Қызылорда облысында туған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, білімі орта, жанұялы, бұрын сотты болмаған, тұрағы Қызылорда облысы Жанақорған ауданы Жанақорған кенті Е.Белсенбаев көшесі №4 үй, әрекетінің саралануы Қазақстан Республикасы ҚК-нің 120-бабының 1-бөлігімен айқындалған күдікті Карасай Жорабекович Аширбековке қолданылған «күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасына 2 (екі) ай мерзімге санкция берілсін.

«Күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасының 2 (екі) ай мерзімі 2022 жылдың 18 мамыры 02 сағат 00 минуттан бастап 2022 жылдың 18 шілдесі 02 сағат 00 минутқа дейін белгіленсін.

Қорғаушы К.Тулепбергеновтың күдікті К.Ж.Аширбековке «кепіл» түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану жайлы өтінішхаты қанағаттандырудан бас тартылсын.

Қаулы күдікті Карасай Жорабекович Аширбековке дереу табыс етілсін, тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, прокурорға және күдікті отырған күзетпен ұстау орны мекемесінің бастығына жіберілсін және дереу орындалсын.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға ҚПК-нің 135 бабында белгіленген тәртіппен, күдіктіге бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылғаны туралы оның туыстарын хабардар етуі міндеттелсін.

Қаулыға наразы жағы қаулы жарияланған кезден бастап 3 (үш) тәулік ішінде Жанақорған аудандық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Жанақорған аудандық сотының  
тергеу судьясы:

Көшірмесі дұрыс.

Жанақорған аудандық сотының  
тергеу судьясы:



Э.И.Рыскулов

Э.И.Рыскулов